

ӘОЖ 18.41.07

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ КОНТЕКСТІНДЕГІ ТЕАТРЛЫҚ ПРОДЮСЕРЛЕУ ЖҮЙЕСІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

**Бөлдекбаева Қорлан**

*магистрант, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер  
академиясы, Алматы қ., Қазақстан*

**Ғылыми жетекші: Дильмурат Лаура, PhD**

Бұл мақалада театрлық продюсерлеу жүйесінің халықаралық тәжірибедегі даму бағыттары және олардың Қазақстан театрларына ықпалы талданады. Зерттеу Еуропа, АҚШ, Азия және Африка елдеріндегі басқару, қаржыландыру, сахналық менеджмент, техникалық өндіріс және цифры трансформация ерекшеліктерін салыстыруға негізделді. Халықаралық әдебиеттер гибриді қаржыландыру, ко-продюсерлеу желілерін кеңейту, цифры технологияларды енгізу және театр мамандықтарының кәсібиленуі қазіргі театр индустриясының негізгі үрдістері екенін көрсетеді. Қазақстандық зерттеулер елдегі театрлардың осы үрдістерге сәйкес жаңарып, басқару жүйесін жетілдіріп, цифры шешімдерді енгізіп жатқанын дәлелдейді. Сонымен қатар ұлттық драматургияны сақтау, көптілділік және мемлекеттік қолдау модельдері отандық театр жүйесіне тән ерекшеліктер болып табылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан театрларының халықаралық тәжірибені тиімді бейімдеу арқылы өндірістік сапасын арттыра алатынын көрсетеді.

**Кілт сөздер:** Театрлық продюсерлеу жүйесі; халықаралық тәжірибе; театр менеджменті; Қазақстан театрлары; театр индустриясы; ұйымдастырушылық модельдер.

### Кіріспе

Қазіргі әлемдегі театрлық продюсерлеу жүйелері жаһанданудың, технологиялық жаңғырудың, мәдени саясаттағы өзгерістердің және орындаушылық өнер саласының кәсібиленуінің ықпалымен қарқынды трансформациядан өтуде. Бүгінгі театр тек көркемдік ұйым ғана емес, шығармашылық, басқарушылық, қаржылық, техникалық және цифрлық компоненттерді біріктіретін күрделі институционалдық құрылым ретінде қызмет атқарады. Осыған байланысты әр елдегі театр өндірісінің қалай ұйымдастырылатынын зерттеу мәдени менеджмент пен өнертануда маңызды ғылыми бағытқа айналды.

Халықаралық зерттеулер театрлық продюсерлеу модельдерінің тарихи дәстүрлерге, басқару жүйесіне, қаржыландыру тетіктеріне және технологияның дамуына байланысты елдер арасында әртүрлі екенін көрсетеді. Еуропа, Америка, Азия және Африка зерттеушілерінің еңбектерінде сахналық менеджменттің ерекшеліктері, копродюсерлеу желілері, бизнес-модельдер, инновациялық тәсілдер және орындаушылық өнер индустриясындағы жаңа үрдістер талданады. Мұндай деректер театр өндірісіне тән әмбебап және аймақтық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін халықаралық тәжірибені зерттеу ерекше өзекті. Себебі елдегі театрлар мәдени институттарды жаңғырту үдерісінде: халықаралық фестивальдерге қатысу, шетелдік режиссерлерді шақыру, заманауи менеджмент құралдарын енгізу, цифрлық технологияларды қолдану қарқын алып келеді. Сонымен қатар, қазақстандық театр өз өндірістік жүйесінде ұлттық драматургияны, орындаушылық дәстүрді және мәдени болмысты сақтай отырып дамуда.

Сондықтан театрлық продюсерлеу жүйесін халықаралық тәжірибе контекстінде қарастыру — Қазақстан театрларының даму траекториясын, заманауи тенденциялардың ықпалын және ұлттық театр өнерінің әлемдік кеңістікке кірігу ерекшеліктерін кешенді түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл мақала шетелдік және отандық зерттеулерді талдай отырып, театр өндірісінің салыстырмалы моделін ұсынады және қазіргі кезеңде оның эволюциясына әсер ететін негізгі факторларды анықтайды.

### **Әдебиеттік шолу**

Театр өндірісін ұйымдастыру жөніндегі шетелдік ғылыми еңбектер оның күрделі көпқұрамды жүйе екенін көрсетеді. Еуропалық, американдық және азиялық авторлар театрдың басқару құрылымын, қаржыландыру тетіктерін, сахналық менеджментті және копродюсерлеу желілерін жан-жақты зерттеген.

Еуропада театр менеджментінің үлгілерін жүйелеген Бонет пен Шаргородский театр ұйымдарының репертуарлық, продюсерлік, фестивальдік және тәуелсіз модельдерге бөлінетінін атап өтеді [1]. Бұл модельдер елдің мәдени саясатына, театр инфрақұрылымына және көрермендермен жұмыс тәжірибесіне байланысты қалыптасады. Авторлардың айтуынша, заманауи театр өндірісі көркемдік үдеріспен қатар стратегиялық жоспарлау, қаржылық менеджмент және аудиториямен өзара әрекеттесу сияқты функцияларды біріктіретін институционалдық жүйе ретінде қарастырылады.

Ұлыбританияның National Theatre ұйымының зерттеулері театрдың бизнес-моделін жетілдіру, өндірістік процестерді оңтайландыру, аудиторияны кеңейту және цифрлық форматтарды енгізу бойынша бірқатар инновацияларды сипаттайды [2]. Мұнда театр продюсерлеу жүйесінің негізгі элементтері — техникалық қолдау, сахналық шешімдер, цифрлық медиа және маркетинг — біртұтас ұйымдастырушылық тізбек ретінде ұсынылады.

Сахналық менеджмент жөніндегі халықаралық салыстырмалы зерттеулер де маңызды. АҚШ пен Нигерия университеттік театрларында жүргізілген салыстырмалы талдау театр өндірісіне мәдениетаралық факторлардың әсерін, сахна менеджерінің рөлін және репетициялық процестің ұйымдастырылуын айқындайды[3]. Бұл жұмыста ресурстарды бөлу, қауіпті басқару және шығармашылық топтар арасындағы коммуникация жүйесінің әр елде әртүрлі екенін көрсетеді.

Азиядағы театрлар туралы зерттеулер ішінде Малайзиядағы шағын және ірі қойылымдарға арналған сахналық өндірістің ұйымдастыру ерекшеліктерін ашатын еңбек ерекше назар аударады [4]. Онда техникалық база, көркемдік шешімдер, өндірістік шығындар және қойылым көлемінің ұйым ішіндегі процестерге ықпалы қарастырылады.

Халықаралық саясат пен театр өндірісінің байланысына арналған Еуропалық комиссияның тәуелсіз театр туралы есебі (Independent Theatre in Europe) театр ұйымдарының шекарааралық копродюсерлеу желілері арқылы жаңа экономикалық және көркемдік мүмкіндіктерге ие болатынын көрсетеді [5]. Әлемдік деңгейдегі театр индустриясының макро-үрдістері RAND Corporation зерттеуінде талданады. Онда цифрлық трансляциялардың өсуі, аудиторияның медиатұтыну әдеттерінің өзгеруі және орындаушылық өнердің жаңа бизнес-модельдерге бейімделуі қарастырылады [6].

Осы зерттеулердің барлығы театр халықаралық жүйесі күрделене түскенін, ал басқару мен сахналық үдерістердің барған сайын кәсібиленіп келе жатқанын дәлелдейді.

### **Қазақстандық зерттеулер**

Қазақстандық театртану мен мәдени менеджмент саласындағы зерттеулер соңғы жылдары халықаралық үрдістермен үйлесімге келіп, ұлттық театр жүйесінің ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда талдауға бағытталуда.

Қазақстан театрларындағы басқару модельдерін сипаттаған Құрманбай мен Ескендіров қазіргі ұйымдық құрылымның өзгеріп, халықаралық менеджмент тәжірибесін қабылдауға бет алғанын көрсетеді [7]. Авторлардың ойынша, мемлекеттік театрлар біртіндеп стратегиялық жоспарлау, маркетингтік коммуникация және көрерменмен жүйелі жұмыс секілді әлемдік практикаға тән функцияларды енгізуде.

Театр өнерінің жаһандану контекстіндегі даму ерекшеліктерін философиялық тұрғыда талдаған Боранбаев қазақстандық театрдың қазіргі режиссурасының әлемдік көркемдік дискурспен өзара ықпалдасуына назар аударады [8]. Зерттеу ұлттық көркемдік дәстүрдің заманауи интерпретацияда жаңғырып, халықаралық бағыттармен синтезделуін көрсетеді.

Акимбек жүргізген зерттеу қазақстандық классикалық пьесалардың әлемдік театрларда қойылу ерекшеліктерін ашып, өндірістік үдерісте ұлттық материалдың бейімделуі, көптілділік, халықаралық аудиториямен жұмыс және

сценографиялық шешімдердің өзгеруі секілді факторларды талдайды [9]. Бұл жұмыс отандық театрдың халықаралық продюсерлеу жүйесіне белсенді түрде енгенін дәлелдейді.

Мәдени саясатқа арналған Мусаева мен Молдашева зерттеулері Қазақстан және Орталық Азия елдерінде мәдени институттарды басқару стратегияларының қалыптасуын, оның ішінде театрлардың рөлі мен даму бағыттарын саралайды [10]. Авторлар шетелдік басқару тәжірибелерінің өңірлік мәдени стратегияларға ықпал ететінін көрсетеді.

Қазақстан мәдени ұйымдарының цифрлық трансформациясына арналған еңбектер де театр өндірісінің жаңғыруына әсерін айқындайды. Цифрлық билеттер, онлайн-көрсетілімдер, мультимедиялық сценография және цифрлық маркетингтің енгізілуі театрлардың өндірістік тізбегін айтарлықтай өзгертіп отырғаны анықталған [11].

Осылайша, отандық зерттеулер Қазақстан театр жүйесінің халықаралық өндірушілік модельдермен үйлесім тауып, сондай-ақ ұлттық мәдени кодты сақтай отырып дамып келе жатқанын көрсетеді.

### **Нәтижелер**

Халықаралық және отандық ғылыми дереккөздерді талдау театрлық продюсерлеу жүйесінің көпқырлы әрі күрделі құрылым екенін көрсетті. Зерттеулердің нәтижесінде театр өндірісі көркемдік, басқарушылық, техникалық, маркетингтік және институционалдық компоненттердің өзара байланысына негізделетіні анықталды. Шетелдік әдебиеттерде театрлық ұйымдардың репертуарлық, продюсерлік, фестивальдік және тәуелсіз үлгілері қалыптасқаны, олардың әрқайсысы елдің мәдени саясатына, қаржылық мүмкіндіктеріне және шығармашылық индустриялардың даму деңгейіне қарай ерекшеленетіні атап өтіледі. Сонымен бірге заманауи театрларда стратегиялық жоспарлау, менеджменттік құрылымдарды жетілдіру, аудиториямен жұмыс істеуді жүйелеу және шығармашылық процестерді рационалдандыру кеңінен қолданылуда.

Халықаралық зерттеулерде театр өндірісін дамытуда бірнеше жаңа үрдістердің қалыптасып келе жатқаны анықталған. Біріншіден, театрлар мемлекеттік қолдаудан бөлек демеушілік, краудфандинг және цифрлық сервистер арқылы қаржыландырудың гибридті механизмдерін қалыптастыруға ұмтылуда. Екіншіден, Еуропада және Азияның кейбір мемлекеттерінде шекарааралық ко-продюсерлеу тәжірибесі кеңейіп, қойылымдарды бірлесіп өндіру, шығындарды бөлісу және труппалар алмасуы сияқты модельдер тиімді нәтижелер көрсетуде. Үшіншіден, VR/AR технологиялары, цифрлық сценография, автоматтандырылған жарық және дыбыс жүйелері сияқты техникалық жаңалықтар қойылым дайындау үдерісін айтарлықтай өзгертіп отыр. Төртіншіден, сахналық менеджменттің кәсібиленуі күшейіп, түрлі

елдерде продюсер, сахна менеджері және техникалық директор секілді арнайы мамандықтар жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында жүйеленуде.

Қазақстандық дереккөздерде елдегі театр өндірісінің халықаралық модельдермен белгілі деңгейде жақындасып келе жатқаны байқалады. Қазіргі театрлар басқару жүйесін жаңғыртып, стратегиялық жоспарлау мен маркетингтік коммуникацияны енгізіп, көрерменмен жұмыстың жаңа форматтарын қолдана бастағаны көрсетіледі. Цифрлық технологияларды қолдану – онлайн билеттер, трансляциялар, мультимедиялық сахналық шешімдер – театр өндірісінің құрылымына елеулі өзгерістер енгізіп, техникалық және ұйымдастырушылық процестерді жеңілдетіп отыр. Сонымен қатар қазақстандық театрлардың халықаралық фестивальдерге қатысуы, шетелдік режиссерлермен бірлескен жобалар жасауы ко-продюсерлеу тәжірибесінің қалыптасуына ықпал етеді. Көркемдік тұрғыда да интеграция байқалады: зерттеулер қазақстандық режиссерлердің әлемдік бағыттармен ықпалдасып, жаңа көркемдік әдістерді игеріп жатқанын дәлелдейді. Бұдан бөлек, ұлттық классикалық шығармалардың шетел сахналарында қойылуы, олардың жаңа интерпретацияда бейімделуі Қазақстан театр өнерінің халықаралық кеңістікке шығуына мүмкіндік беруде.

Сонымен қатар, Қазақстан театр жүйесінің бірқатар ұлттық ерекшеліктері сақталып отырғаны анықталды. Театрлардың басым бөлігі мемлекеттік құрылым ретінде жұмыс істегендіктен, қаржыландыру мен басқаруда мемлекеттің рөлі айқын сезіледі. Ұлттық драматургияның жетекші орын алуы театрлық репертуардың тарихи-этнографиялық және мәдени мазмұнға бағдарланғанын көрсетеді. Көптілділік факторы да маңызды, себебі қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі қойылымдар өндірістік процестің ұйымдастырылуына ықпал етіп, бір мезгілде халықаралық аудиторияның кеңеюіне мүмкіндік береді.

1-кесте. Өртүрлі елдердегі продюсерлеу жүйесі

| Ел / Аймақ  | Басқару моделі                                              | Қаржыландыру құрылымы                                                  | Өндірістік (production) ерекшеліктері                                                            | Цифрлық технологиялар                                                | Халықаралық ко-продюсерлеу                                           |
|-------------|-------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| Ұлыбритания | Аралас модель: мемлекеттік қолдау + тәуелсіз театр ұйымдары | Мемлекеттік гранттар, демеушілер, билет сатылымы, коммерциялық жобалар | Жоғары кәсібиленген сахналық менеджмент; нақты рөлдер жүйесі (stage manager, technical director) | Онлайн стриминг, цифрлық сцена, National Theatre at Home платформасы | Белсенді: еуропалық және америкалық сахналармен бірлескен қойылымдар |
| Германия    | Репертуарлық мемлекеттік театрлар басым                     | Мемлекеттік бюджет негізгі көз, жеке сектор аз үлес                    | Үлкен тұрақты труппалар; классикалық репертуар мен                                               | Жарық, дыбыс, механика бойынша жоғары                                | Ко-продюсерлеу көбіне ЕО мәдени                                      |

|           |                                                                     |                                                              |                                                                                                 |                                                                  |                                                                          |
|-----------|---------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
|           |                                                                     | алады                                                        | заманауи эксперимент қатар жүреді                                                               | технологиялық база                                               | бағдарламалары аясында                                                   |
| АҚШ       | Нарықтық модель: жеке театрлар мен Broadway жүйесі                  | Демеушілік, қайырымдылық, билет сатылымы, коммерциялық табыс | Жобалық продюсерлік жүйе; әр қойылымға бөлек команда жиналады                                   | Интерактивті технологиялар, LED-технологиялар, сандық маркетинг  | Сирек, бірақ ірі жобаларда (музыкалық қойылымдар) кездеседі              |
| Жапония   | Мемлекеттік және дәстүрлі театрлар (Kabuki, Noh) + заманауи ұйымдар | Мемлекет, мәдени қорлар, билет сатылымы                      | Дәстүрлі сахналық тәсілдер мен заманауи өндірістің синтезі                                      | Робототехника, голография, AR қолдану                            | Аз, мәдени ерекшелік талаптары жоғары                                    |
| Малайзия  | Мемлекеттік және жеке театрлардың аралас моделі                     | Мемлекет, демеушілер, билет сатылымы                         | Шағын және үлкен қойылымдар арасындағы өндірістік айырмашылықтар айқын; техникалық база әрқелкі | Цифрлық сценография дамып келеді                                 | Аймақтық (Оңт.-Шығ. Азия) серіктестіктер кең тараған                     |
| Нигерия   | Университеттік және тәуелсіз театрлар                               | Мемлекет аз қолдайды, негізінен жеке сектор                  | Әлеуметтік тақырыптағы қойылымдар; ресурстар шектеулі, бірақ шығармашылық жоғары                | Технология баяу енуде                                            | Көбіне аймақшыл мәдени алмасулар                                         |
| Қазақстан | Мемлекеттік театрлар жүйесі басым                                   | Негізгі қаржы – мемлекет; қосымша – демеушілік және билеттер | Ұлттық драматургия басым; халықаралық режиссерлермен бірлескен жұмыстар артуда                  | Онлайн билеттер, стриминг, мультимедиялық сценография енгізілуде | Фестиваль, резиденция, шетелдік режиссерлік жобалар арқылы кеңею үстінде |

Жалпы алғанда, халықаралық тәжірибені талдау Қазақстан театр жүйесінің жаһандық үрдістерге бейімделіп келе жатқанын, сонымен бірге ұлттық ерекшеліктерін сақтап отырғанын көрсетеді. Бұл өзара ықпалдасу театр өндірісінің әрі қарай дамуына, шығармашылық сапаның артуына және театр саласының халықаралық мәдени айналымға белсенді қатысуына жағдай жасайды.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеу театрлық продюсерлеу жүйесінің халықаралық тәжірибе контекстіндегі даму заңдылықтарын және Қазақстан театрларының осы үрдістермен өзара ықпалдасу деңгейін кешенді түрде талдауға мүмкіндік

берді. Халықаралық деректерді саралау нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде театр өндірісі көркемдік, басқарушылық, техникалық және маркетингтік компоненттердің интеграциясына негізделген көпөлшемді жүйе ретінде қалыптасқаны анықталды. Қаржыландырудың гибриді модельдері, шекарааралық ко-продюсерлеу желілері, цифрлық технологиялардың кеңінен енгізілуі және сахналық менеджменттің кәсібиленуі қазіргі театр индустриясының басты қозғаушы күштері болып отыр.

Қазақстандық зерттеулер елдегі театр өндірісінің халықаралық модельдермен жақындасып келе жатқанын, сонымен бірге ұлттық ерекшеліктердің айқын сақталып отырғанын көрсетті. Басқару жүйесінің жаңғыруы, цифрлық шешімдердің енгізілуі, халықаралық режиссерлермен ынтымақтастық және шетел фестивальдеріне қатысу Қазақстан театрларының жаһандық мәдени кеңістікке белсенді қосылып жатқанын дәлелдейді. Сонымен қатар мемлекеттің театр саласындағы жетекші рөлі, ұлттық драматургияның басымдығы және көптілділік факторы Қазақстанның театрлық продюсерлеу жүйесіне айрықша сипат береді.

Жалпы алғанда, Қазақстан театр өнері қазіргі таңда әлемдік үрдістер мен ұлттық дәстүрлердің тоғысқан нүктесінде тұр. Халықаралық тәжірибе отандық театр жүйесін жаңғыртуға қажетті бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді: басқару модельдерін жетілдіру, кадрлық әлеуетті арттыру, техникалық инфрақұрылымды дамыту және ко-продюсерлеу механизмдерін кеңейту. Ал ұлттық мәдени кодты сақтау, қазақ драматургиясын халықаралық деңгейде таныту және заманауи көркемдік тілдермен үйлестіру Қазақстан театр индустриясының одан әрі шығармашылық өркендеуіне жағдай жасайды. Осылайша, халықаралық тәжірибенің тиімді игерілуі мен ұлттық ерекшеліктердің үйлесімді сақталуы Қазақстан театрлық продюсерлеу жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлар ретінде бағаланады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Bonet L., Schargorodsky H. Theatre Management: Models and Strategies for Cultural Venues. – Oslo: Kunnskapsverket, 2018.
2. National Theatre. Optimising Business Model Innovation in the Performing Arts. – London, 2025.
3. Cross-Cultural Perspectives on Stage Management: A Comparative Analysis of Theatrical Practices in Nigerian and American Universities. – ResearchGate, 2024.
4. Comparing Performing Theatres for Small and Big Scale Productions in Malaysia // HRMARS Journal. – 2023.
5. European Commission. Independent Theatre in Contemporary Europe. – Brussels, 2020.

6. RAND Corporation. The Performing Arts: Trends and Their Implications. – Santa Monica, 2022.

7. Құрманбай Ұ.П., Ескендіров Н.Р. Нынешняя модель управления в казахском театре // Keruen. – 2022.

8. Боранбаев А.А. Cultural and Philosophical Analysis of Theatrical Art in Kazakhstan // Bulletin of Karaganda University. – 2023.

9. Akimbek A. The Transformation of Kazakhstan's National Classics in World Theatres. – Berlin: De Gruyter, 2025.

10. Мусаева А., Молдашева А. Стратегические документы в управлении культурой и искусством стран Центральной Азии // CAJAS. – 2025.

11. Применение цифровых технологий в культурных организациях Казахстана с учётом зарубежного опыта // CyberLeninka. – 2021.

## **СИСТЕМА ТЕАТРАЛЬНОГО ПРОДЮСИРОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ**

***Бөлдекбаева Қорлан***

**Научный руководитель:** Дильмурат Лаура, PhD

*Бұл мақалада театрлық продюсерлеу жүйесінің халықаралық тәжірибедегі даму бағыттары және олардың Қазақстан театрларына ықпалы талданады. Зерттеу Еуропа, АҚШ, Азия және Африка елдеріндегі басқару, қаржыландыру, сахналық менеджмент, техникалық өндіріс және цифры трансформация ерекшеліктерін салыстыруға негізделді. Халықаралық әдебиеттер гибриді қаржыландыру, ко-продюсерлеу желілерін кеңейту, цифры технологияларды енгізу және театр мамандықтарының кәсібиленуі қазіргі театр индустриясының негізгі үрдістері екенін көрсетеді. Қазақстандық зерттеулер елдегі театрлардың осы үрдістерге сәйкес жаңарып, басқару жүйесін жетілдіріп, цифры шешімдерді енгізіп жатқанын дәлелдейді. Сонымен қатар ұлттық драматургияны сақтау, көптілділік және мемлекеттік қолдау модельдері отандық театр жүйесіне тән ерекшеліктер болып табылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан театрларының халықаралық тәжірибені тиімді бейімдеу арқылы өндірістік сапасын арттыра алатынын көрсетеді.*

**Кілт сөздер:** Театрлық продюсерлеу жүйесі; халықаралық тәжірибе; театр менеджменті; Қазақстан театрлары; театр индустриясы; ұйымдастырушылық модельдер.

*В статье анализируются направления развития системы театрального продюсирования в международной практике и их влияние на театры Казахстана. Исследование основано на сравнительном анализе особенностей управления, финансирования, сценического менеджмента, технического производства и цифровой трансформации в странах Европы, США, Азии и Африки. Международные источники показывают, что гибридное финансирование, расширение сетей копродюсирования, внедрение цифровых технологий и профессионализация театральных специальностей являются ключевыми тенденциями современной театральной индустрии. Казахские исследования подтверждают, что отечественные театры обновляются в соответствии с этими тенденциями, совершенствуют системы управления и внедряют цифровые решения. В то же время сохранение национальной драматургии, многоязычие и модели государственной поддержки остаются характерными особенностями отечественной театральной системы. Результаты исследования свидетельствуют о том, что театры Казахстана способны повысить качество театрального производства за счёт эффективной адаптации международного опыта.*

**Ключевые слова:** система театрального продюсирования; международный опыт; театральный менеджмент; театры Казахстана; театральная индустрия; организационные модели.

## **THE SYSTEM OF THEATRICAL PRODUCING IN THE CONTEXT OF INTERNATIONAL EXPERIENCE: A COMPARATIVE ANALYSIS**

**Boldakbaeva Q.**

**Scientific supervisor:** Dilmurat L., PhD

*This article analyzes the development trends of the theatrical producing system in international practice and their impact on theaters in Kazakhstan. The study is based on a comparative analysis of management, financing, stage management, technical production, and digital transformation across Europe, the United States, Asia, and Africa. International literature indicates that hybrid financing, the expansion of co-producing networks, the adoption of digital technologies, and the professionalization of theatrical professions are key trends in the contemporary theater industry. Kazakhstani studies confirm that local theaters are modernizing in line with these trends by improving management systems and implementing digital solutions. At the same time, the preservation of national dramaturgy, multilingualism, and models of state support remain distinctive features of Kazakhstan's theater system. The findings*

*demonstrate that theaters in Kazakhstan can enhance production quality through the effective adaptation of international experience.*

**Keywords:** theatrical producing system; international experience; theater management; theaters of Kazakhstan; theater industry; organizational models.

## REFERENCES

1. Bonet L., Schargorodsky H. Theatre Management: Models and Strategies for Cultural Venues. – Oslo: Kunnskapsverket, 2018.
2. National Theatre. Optimising Business Model Innovation in the Performing Arts. – London, 2025.
3. Intercultural perspectives on stage management: a comparative analysis of theatre practices in Nigerian and American universities. – ResearchGate, 2024.
4. Comparison of Theatres for Small and Large Productions in Malaysia // HRMARS Journal. – 2023.
5. European Commission. Independent Theatre in Contemporary Europe. – Brussels, 2020.
6. RAND Corporation. Performing Arts: Trends and Their Implications. – Santa Monica, 2022.
7. Kurmanbay U.P., Eskendirov N.R. The Current Management Model in Kazakh Theater // Keruen. – 2022.
8. Boranbayev A.A. Cultural and philosophical analysis of theatrical art in Kazakhstan // Bulletin of Karaganda University. – 2023.
9. Akimbek A. Transformation of Kazakhstan's national classics in world theaters. – Berlin: De Gruyter, 2025.
10. Musaeva A., Moldasheva A. Strategic Documents in the Management of Culture and Art in Central Asian Countries // CAJAS. – 2025.
11. The Application of Digital Technologies in Cultural Organizations in Kazakhstan, Taking into Account Foreign Experience // CyberLeninka. – 2021.